

# **Дәріс №4 Классикалық өркениет діндері (КӨД)**

**• ХБК ҚазБСҚА АҮМ**

- Пән: Дінтану** **ЖГДФ**
- Кредит саны – 2** **1/2 семестр**
- 2016-2017 оқу жылы** **Масанов Е.Ж.**

# Қарастырылатын тақырыптар

- **1. «Классикалық» өркениеттің жалпы сипаттамасы.**
- **2. Зороастризм дінінің ерекшеліктері мен әлеуттік маңызы.**
- **3. Ежелгі Греция және Ежелгі Рим діндері.**

# Түйін сөздер

- **Антропоморфтық сенім – адам түсінігіне сәйкес;**
- **Зооморфтық сенім – жануарлық сипаттар тән сенім;**
- **Политеизм – көп құдайшылық;**
- **Монотеизм – бір құдай ұғымы;**
- **Діни ғибадатханалар – құрылыстың бастауы ретінде.**

# Дәрістің қысқаша мазмұны

- **Классикалық (лат. Ең озық, үлгілі) деп ХУ ғасырда аталып келген тек грек, рим мәдениеті болды, бірақ әр өркениеттің қайталанбас жақтары болғанын ескеріп, алғашқы өркениеттердің адамзат тарихына ықпал ете отырып, қоғамдық институттар құруға жеткізген үлгі болатын діни жүйелерін классикалық тұрғыдан қарастырамыз.**


**Заратуштрашылдық, зороастризм –  
Заратуштра негізін салған ең көне діни ілім.**

- Заратуштрашылдық, зороастризм –  
Заратуштра негізін салған ең көне діни  
ілім. Зардұштшылық – отқа табыну  
дінінің есімі оны бастаушысы Зардұшт  
атына байланысты қойылған. Бұл дін  
Зардұшта пайғамбардың насихаттық  
кітабі Авестада айтылған Ахұра Мазда  
ұғымын өзек етіп өрбиді. Кейде бұл дінді  
*Маздалық дін* деп те атайды.**

# Зороастризмге тән Ғибадатханасы



# Төте жазу стилі



Handwritten text in the 'Tote' script, consisting of several lines of characters on aged paper. The script is a form of the Tatar language, characterized by its unique cursive style and use of specific characters and diacritics. The text is arranged in approximately eight horizontal lines, with varying lengths and some decorative flourishes. The paper shows signs of age, including slight discoloration and texture.

## ***II-мыңжылдықтың ортасында Үндістанға солтүстіктен арийлер тайпасы басып кірді.***

- **Арийлердің қасиетті жазуы—Ведалар - бұл тек білім ғана емес, ерте үнділіктердің ойынша, ол - қасиетті аян жолымен пайда болған білім. Ведалар әр кезде жазылған көп кітаптар. Қазіргі кезде индуизм деп аталатын діни сенімнің ең ерте жазбалары б.з.д. 1200-1000 жылдары пайда болған деп саналады. Оны ведалық деп атау қабылданған. Веда мәтіндері Құдайдан «естілген»деп саналғандықтан, шәкірттер ұстаздарынан естігенін ауызша бұлжымай орындап келеді, веданың қағаздағы нұсқасы бар екеніне қарамастан олар ауызша айтқанды қалайтынынан шрути (естілген) деп аталады.**



# Ежелгі Грекия діні

- әртүрлі діни наным-сенімдердің біртұтас эволюциялық тізбекке байланысқан кең жиынтығы. Өйткені гректер б.з.д. ІУ-ІІІ мыңжылдықтарда біртұтас конгломерат (әртекті жиынтық) құрған ерте үндіеуропалық тармақ болатын. Ежелгі гректер діні үш кезеңнен өтті: Элладаға басып кіргенге дейін, криттік-микендік, классикалық немесе гомерлік. Ерте гректер дүниені жаны бар, қасиетті заттар мен құбылыстарға айналған, тұтастай бір пері сияқты тіршілік иелері қаптаған нәрсе деп қабылдаған.

# Зевс бейнесі



# Ертедегі Рим діні

- өздерінің діни түсініктерін ежелгі гректерден алған десе де болады, дегенмен өзіндік ерекшеліктері болды. Діннің мағынасы римдіктер үшін құдайларға қатысты міндеттерді қатаң орындауда жатыр, римдік мінездің басты қасиеті – гравитас - тиянақтылық, сенім артуға болушылық, байсалдылық. Олардың ойынша әр отбасының немесе рудың өздерінің желеп-жебеушілері бар: мандар (мейірімді құдайлар,), ларлар - ошақты және отбасын, үй иелерін жұмыс пен саяхат кезінде қорғайтын тәңір, оларға ларари - арнайы шкафтарға салынып тарту етілетін құрбандықтар тұратын қуыстар, олардың құрметіне мереке - компиталия ұйымдастырылатын, пенаттар - ауыспалы мағынада баспана, үй, отан дегенді білдіреді, үй құдайлары бар.

# Семинар сұрақтары:

- **1 Зороастризм дінінің басты ұғымдары мен ұстанымдары**
- **2. Иудаизм: пайда болуы, ілімі және культы.**
- **3. Ертедегі Гректер сенімі – политизм;**
- **4. Ерте Римдіктердің наным сенімінің ерекшеліктері;**

# Глоссарий

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>	<i>Ағылшын тілінде</i>
зороастризм ілімі	учение зороастризма	studies of zoroastrianism
қауым	общность	community
ру	род	family
миф	миф	myth
діни түсінік	религиозное понятие	religious concept
билік	власть	power
кәсіп	профессия	profession
қолөнер	ремесло	handicraft

- **СӨЖ:**
- **1. Сирия, Финикия, Урарту мен Кіші Азияның ертедегі халықтарының діндері. [2], 143-бет.**
- **Реферат.**
- **2. Инд өркениетінің діні. [2], 148-бет. Реферат.**
- **ОСӨЖ: Ежелгі Рим дінінің өзіндік ерекшеліктері. [2], 175-бет. Коллоквиум.**

# Әдебиеттер

- **Негізгі әдебиеттер:**

- 1. Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл: күрделі діни сауалдарға жауаптар. - Астана, 2011.- 283 б.
- 2. Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер.- А.: 2010.-568б.

- 

- **Қосымша әдебиеттер:**

- 1. Апанасенок А.В. Религии народов мира. Учебное пособие. - М, «Альфа-М»: НИЦ Инфра-М, 2012 г.
- 2. Религиоведение. Энциклопедический словарь. М., 2006 г.